

Сейдрахманова Гульзада Санатовна

О.Жұмабеков атындағы ЖОББМ базасындағы Тірек мектебі

Информатика пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Жаңаарқа ауданы

PISA халықаралық зерттеулер тапсырмаларын информатика пәнінде қолданудың маңызы

Мемлекетімізді дамыған өркениетті елдер деңгейіне көтеру үшін болашақ ұрпақты мектеп қабырғасынан бастап жан-жақты білімді, кәсіпкерлік ортаға бейімді етіп тәрбиелеу басты бағытымыз. Әрбір баланың болашағы мектепте қаланған білімге байланысты. Себебі, ертеңгі тәуелсіз еліміздің болашағы – бүгінгі мектеп оқушылары. Қазіргі заман мектебі бала үшін қызмет ету керек, ол білімді өмірде қолдана білетін, көпшілікпен араласа алатын, ішкі мәдениеті, ойлау және сезіну қабілеті бар адам дайындау керек. Мақсатымыз – мектеп бітірушінің барынша көп білуі емес, оның өзіне қажетті білімді өзі біліп, іздеп табуға үйренуі, оқу, кәсіптік, тұрмыс мәселесін кез келген жағдайда шешіп, іс-әрекет жасай алатын болу керек. Бүгінгі таңда Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделендіру мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Осыған байланысты еліміздің он бес жастағы оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтауға Қазақстан PISA – 2009 халықаралық зерттеуіне қатысты. PISA (*Programme for International Student Assessment*) зерттеуінің әрбір кезеңіне халықаралық контексте саралау жұмысы жүргізіледі. Бұл әрбір қатысушы елге білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша PISA Халықаралық бағдарламасы оқушылардың оқу барысында алған білімдері мен дағдыларын

өмірлік жағдайларда қолдана білу машықтарын, нақты бір оқу пәндерімен тікелей байланысты емес мәселелерді шеше білу құзіреттіліктерін бағалауға бағытталған. Қазақстанда зерттеудің ұлттық үйлестірушісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы" болып табылады. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8 - бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Әдіскердің міндеті ғалымның ашқан жаңалығын білімге айналдырудың құралын табу. PIZA халықаралық зерттеулер бағдарламасының тапсырма типтері құрылымына қарай 4 типті, күрделілігіне қарай 6 типті болып құрылады. Әрбір тапсырма бір мәселені суреттеген мәтінді қамтиды және мәтінмен қатар төрт немесе бес нұсқада жауабы бар сұрақтар, немесе таңдау бойынша қатар екі жауабы болуы мүмкін жорамалдар мен нақты бекітулер қалыптарында көрсетілген қиындық дәрежесі әртүрлі бірден алтыға дейін сұрақтарды қамтиды. Сұрақтардың қалған бөлімдеріне оқушылар өз жауаптарын құрастырулары керек, олардың кейбірі қысқа жауапты, қалғаны толық жауаптарды талап етеді. Соңғысы тест тапсырушылардан жеке өзіндік пікірді талап етеді және өз көзқарасын айқындауға мүмкіндік береді. Өзге кейбір сұрақтар оқушылардан шеңберде шектелген жауаптар нұсқаларын таңдауын талап етеді, дұрыс немесе бұрыс болып бағаланады (жабық құрастырылған жауаптар).

Құрылымына қарай:

- кешенді таңдауы бар жауап- мәтін беріледі, сол мәтін бойынша сұрақ қойылып ия немесе жоқ деп жауап беру керек.
- таңдауы бар жауап- сұрақ беріледі, оған 4 жауап беріледі, бір дұрыс жауапты белгілеу.
- жабық құрылымды сұрақ-мәтінмен жұмыс не суретпен жұмыс, жауап қысқа 1-2 сөзден аспайды.

еркін құрылымды жауап- мәтін бойынша толық өз ойын дәлелдемелер арқылы жауап жазу.

Қорыта келгенде, 15-жастағы білімгерлердің ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы PISA халықаралық зерттеуінің басты бағыттарының бірі болды. Халықаралық PISA тесті білімгерлердің академиялық білімін - 15-жастағы оқушының ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын меңгерген оқу курсының мазмұнын өлшемейді. Халықаралық емтихан инструментарийінің бірегейлігі оның, мектеп түлегі үлкен жастағы өмірінде өзін жеке тұлға ретінде толығымен көрсете алуына мүмкіндік туғызатын білімгерлердің қабілетін анықтайтындығында.

Осылайша, «ғылыми-жаратылыстану сауаттылық» ұғымының басты тезисі білімгерлердің: жаратылыстанудан тапсырмаларды шешу арқылы қоршаған ортада туындайтын мәселелерді айқындау; оларды информатика пәнінен білім мен әдістерді қолданып шешу; қолданылған шешу әдістерін талдау; алынған нәтижелерді қойылған міндеттерді ескере отырып түсіндіру; қабылданған шешімдерді тұжырымдау қабілеттері болып табылады. Жаратылыстану пәндерінің басты мақсаты – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту. Логикалық сипаттағы тесттер оқушылардың білімді жете меңгеру мен оларды өмір жағдайларында қолдана білу қабілеттерін анықтауға арналған. Логикалық ойлау қабілетін арттыруда пиза тапсырмаларының атқаратын ролі зор. Бұл шешімдер сабақта PISA критерийлерін қолдана отырып, проблеманы талдау, “ойлан, жүппен жұмыс істе, бөліс», «мен-сен-біз» т.б стратегияларын қолдану арқылы іске асырылады. Талқылаудың, формальдік - логикалық сұлбасын сақтау (талдау, құру, дәлелдеу, зерттеу т.б.) Ойдың ықшамдығы; Ойлау барысының нақтылығы; Халықаралық білім беру принциптері негізінде құрылып жатқан еліміздегі білім берудің еңгізілуі жағдайында, Қазақстанның PISA салыстырмалы зерттеуіне қатысуы білім берудің дамытуда үлкен стратегиялық мәнге ие болып отыр.